

8 -дәріс ГОСТ Р 7.0.1-2003 «Басылым.Авторлық құқық белгілер. Баспа жұмысында безендірілуі және қолданылуы

Авторлық құқық қорғау белгісі титул беттің артындағы оң жақ төменгі бұрышына, немесе оның қызметін атқаратын басылым элементіне орналастырылады.

Авторлық құқық қорғау белгісі, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқық туралы» заңына сәйкес, зияткерлік меншікке авторлық құқығы бар жеке және заңды тұлғалар бар екендігіне хабардар етеді. Заңнамаға сәйкес, авторлық құқықты қорғау белгісі басылымның барлық даналарына қойылады.

Авторлық құқықты қорғау белгісі © шеңбер ішіне орналасқан латын әрпінен, құқық қорғалатын объект атауынан, құқық иесінің атынан шығарма шығарылған бірінші жылдың сандарының белгісінен тұрады («жыл» сөзі және қысқартылған «ж.» келтірілмейді).

Егер авторлық құқық қорғау белгісінде жеке тұлғаның аты келтірілсе, онда копирайт элементтерін келтірудің төмендегі реті сақталу керек. Авторлық құқық қорғау © белгісінің соңынан жеке тұлғаның немесе бірнеше жеке тұлғалардың фамилиялары мен инициалдары және үтірден кейін құқық қорғалатын объект атауы (негізгі мәтінінен бөлек), шығарылған жылы келтіріледі.

© Ақыпбекұлы Ө., 2012

© Ганибал Л., көркемдеген (иллюстрациялаған), 2012

Авторлық құқық қорғау белгісі заңды тұлғаға рәсімделсе, © белгісінен кейін құқық қорғалатын объект атауы, нүктеден соң мекеменің заңды аталуы, жарияланған жылы жазылады.

© Қазақша аудармасы, безендірілуі «Аруна Ltd» ЖШС, 2012

Егер жеке немесе заңды тұлғаның басылымға түгелдей және толық авторлық құқығы болса, онда авторлық құқық қорғау белгісі шеңбер ішіндегі «с» латын әрпінен, құқық иесінің аты, шығарманың шығарылған жылы көрсетіледі.

© Әлімбаев М., 2012

© Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, 2012

Егер жеке немесе заңды тұлғаның бірнеше қызмет түрлерінің нәтижелеріне түгелдей және толық авторлық құқығы болса, онда ол қызмет түрлерінің белгілері авторлық құқық қорғау белгісінің бірінде үтірден соң көрсетіледі.

© Асқаров О., құрастырушы, алғы сөзі, 2012

© Құрастырған, безендірген «Баур» ЖШС, 2012

Бірнеше құқық иелері болса, олардың аттарын (атауларын) авторлық құқық қорғау белгісінде көрсету реті басылымның титул парағында, немесе оның қызметін атқаратын басылым элементінде көрсетілген ретпен, болмаса құқық иелерінің өзара келісімі бойынша беріледі.

© Аутова А. Н., Махметова А. А., 2012

© Қазақ университеті, Қазақ-Британ техникалық университеті, 2012

Авторлық құқық қорғау белгісі элементтерінің тілі, басылымның шығу мағлұматтарының тілімен сәйкес келеді.

Авторлық құқық объекті бойынша мыналар ажыратылады:

- басылымның (жарияланымның) негізгі мәтініне авторлық құқық қорғау белгісі;
- аударма жасауға, көркемдеу (иллюстрация) жасауға, ілеспе мәтінге, басылымның (жарияланымның) ғылыми түсініктемелеріне авторлық құқық қорғау белгісі;
- басылымды редакциялық-баспагерлік безендіруге авторлық құқық қорғау белгісі;

Басылымда бірнеше авторлық құқық қорғау белгісі болса, оларды жоғарыда көрсетілген ретпен береді.

Автор қайтыс болғаннан кейін авторлық құқық қорғау белгісінде жалпы ереже бойынша оның **мұрагерінің, құқық иелігін қабылдаушының аты** көрсетіледі. Басқа да қайтыс болған кісілердің (аудармашының, құрастырушының, суретшінің, кіріспе мақала авторының, кітаптың ғылыми түсініктемесінің) шығармашылық еңбегінің нәтижесін басып шығарғанда да дәл осылай жасалады. Баспагер кітапты басып шығаруға келісім жасаған жеке және заңды тұлғалар (мекемелер) мұрагер бола алады.

Аудармаға, көркемдеу (иллюстрация) құрастыруға, ілеспе мәтінге, басылымның ғылыми түсініктемелеріне ,жарияланымға т. б. иелік етуге ерекше авторлық құқығын жариялайтын авторлық құқық қорғау белгісі шеңбер ішіндегі «с» латын әрпінен, тұлғалардың фамилиялары мен инициалдарынан немесе мекеменің аталуынан, шығарманың бірінші жарияланған жылын құқықтық қорғау туралы белгілерден тұрады.

Кіріспе мақалаларға, алғы сөзге, түсіндірмеге, библиографиялық тізімге т. б. авторлық құқығын қорғау белгісін, аударма мен құрастырушыға авторлық құқығын қорғау белгісін беру сияқты рәсімделеді.

Әдебиеттер тізмі

1.Мұқатаева Қ. Баспа ісіндегі стандарттар : оқу құралы – Алматы : Қазақ университеті,2012- 210 б.

2.Майлықұтова М.Ж.Баспа басылымдарының стандарттары: оқу құралы.- Алматы : Қазақ университеті,2012.

Интернет:

1. Lib.kazsu.kz./Books/bk023/

2. Http//www.newsland.ru

3. www.kazakhstanlive.ru

4. <http://www.bookchamber.ru/standards.htm>